

## Мемлекеттік тапсырысты орналастыру және жұмыссыздар мен еңбекке тартылмаған тұрғындарды кәсіптік білім мекемелерде оқыту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 1999 жылғы 12 ақпандағы N 25 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 18 наурызда N 67 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N 21 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2008.07.30 N 21 Шешімімен**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жекешелендіру мен құрылымсыздандырудың секторлық бағдарламасы туралы" 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65, 1999 жылдың мемлекеттік бюджетін әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Білім, және денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламасы мен көмекші бағдарламасын бекіту жөніндегі" 1998 жылғы 4 тамыздағы N 737, "Қазақстан Республикасындағы орта білім жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 26 тамыздағы N 812 қаулысын орындау мақсаттарында **ШЕШІМ қабылдаймын** :

1. Білім департаментіне (Ваховский Ф.И.):

- мемлекеттік емес бастауыш және мемлекеттік орта кәсіптік оқу орындарына қабылдау мемлекеттік тапсырысты конкурстық негізде орналастыру арқылы жүзеге асырылсын.

- мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік сатып алулар туралы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қалыптастырылсын.

2. Білім департаментіне (Ваховский Ф.И.) облыстық жұмыспен қамту орталығымен (Потуданская Н.Ф.) бірлесе отырып:

- жұмыссыздар және еңбекке тартылмаған тұрғындарды оқыту үшін аймақтық орталық ретінде пайдаланылатын базалық кәсіптік-техникалық оқу орындарының тізбесін айқындалсын;

- жұмыссыздар және еңбекке тартылмаған тұрғындарды даярлау және қайта оқытуды ұйымдастыру үшін қалалар мен аудандарда кәсіптік-техникалық оқу орындарын барынша тиімді пайдалану жөніндегі бірлескен әзірлесін.

3. Аумақтық әкімдер жұмыссыздарды даярлау және қайта оқыту, біліктерін арттыру және жоғары сынып оқушыларын еңбекке оқытуды ұйымдастыру үшін

кәсіптік оқу орындарын пайдалану жөнінде сәйкес шешімдер қабылдасын.

4. Осы шешімдер орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.П.Никандровқа жүктелсін.

*Облыс әкімі қызметін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК